



**Автор:** КАУМЕНОВА САНИЯ КУСАНОВНА

**Пән:** Математика

**Сынып:** 2-сынып

**Бөлім:** Жиынды белгілеу және оның элементтері

**Тақырып:** Бекіту. /Менің өлкемнің жетістіктері.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.5.2.5. Деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграмма құрастыру.
Сабақтың мақсаты:	Деректер жинағын жүргізуді, жүйелеуді, кестелер мен диаграмма құруды білу
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: деректер жинау үшін сауалнама жинауды, деректерді қорытындылауды. Пәндік лексика және терминология. Диаграмма, кесте, деректер.
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: деректер жинағын жүргізуді, жүйелеуді, кестелер мен диаграмма құруды білу Көптеген оқушылар: сауалнама жүргізіп, диаграмма құру Кейбір оқушылар: есеп екі амалмен орындалатындай сұрақтарды толықтыру.
Бағалау критерийлері:	-деректер жинағын жүргізуді, жүйелеуді, кестелер мен диаграммалар құруды біледі - сауалнама жүргізіп, диаграмма құра алады - есеп екі амалмен орындалатындай сұрақтарды толықтыра алады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Деректер жинау, жүйелеу, кестелер мен диаграммалар құру.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығулары арқылы жүреді. Оқу материалын жариялау «Мюссенберг» әдісі арқылы жүреді: Берілген әріптер арасынан мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарыңдар. Раэлиащтөткендіңоымөпывыықкеаозсдуаотыедпиггнушәбекітужнпгвпвущ пдпщ - Қандай сөз шықты? -Ендеше бүгінгі сабағымызда қандай тапсырмалар орындаймыз? Онлайнмектептен ведиосабақтан түсініктеме көрсету	<a href="https://onlinemektep.org/schedule/30.12.2020/lesson/e8fcb3b1-4e71-4d26-ba5a-631b0e21d62a">https://onlinemektep.org/schedule/30.12.2020/lesson/e8fcb3b1-4e71-4d26-ba5a-631b0e21d62a</a> Онлайн Мектеп Әріптер кестесі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	<p>(ЖЖ) 1- тапсырма «Құрастырып көр» әдісі арқылы жүзеге асады.</p> <p>А) Сыныптастарыңа сауалнама жүргізіп, кімнің қандай жеміс-жидекті жақсы көретінін және олар қандай кітаптарды оқығанды ұнататынын анықта.</p> <p>Диаграмма құр.</p> <p>Ә) Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.</p> <p>70 мин = 1сағ10 мин 29 см = 2дм 9см 1 сағ 30 мин = 90мин 8 дм =80см 5 дм 6 см =56 см 67 см =6дм 7см</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сауалнама жүргізеді.</li> <li>- Диаграмма құрады.</li> <li>- Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнектейді.</li> </ul> <p>Сергіту сәтінде «Білімлендтан тапсырма орында» үш тапсырманы орындап сергиді.</p> <p>(Д) 2- тапсырма «Орындап көр» әдісі арқылы жүзеге асады.</p> <p>А) Суретшінің үлкен қорабында қызыл және жасыл түсті көп сықпа бояулар бар</p> <p>а) Суретші қораптан 2 сықпа бояу алуы қажет. Бұл бояулардың түсі қандай болуы мүмкін? Дөңгелектерді (фишкаларды) пайдалан. Неше нұсқа шықты? ә) Суретші қораптан 3 сықпа бояу алуы қажет. Бұл бояулардың түсі қандай болуы мүмкін? Мүмкін нұсқаларды құрастыр. Б) Анардың 4 қызыл және 3 жасыл моншағы бар. Анар үш моншақтан тұратын жиынтық құрастыруы қажет. Қандай нұсқалар болуы мүмкін? Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 2 сықпа бояу алуы үшін неше нұсқа шыққанын табады.</li> <li>- Мүмкін нұсқаларды құрастырады.</li> <li>- Үш моншақтан тұратын жиынтық нұсқаларын құрастырады.</li> </ul>	<p><a href="https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/2-synyp/sandar-zhiyny?mid=f06e3fc0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe">https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/2-synyp/sandar-zhiyny?mid=f06e3fc0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</a> Оқулық,</p>
Сабақтың соңы (3 минут)	<p>Саралау тәсілі: «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады Қарқыны жоғары оқушыға: Есеп екі амалмен орындалатындай, оны сұрақтармен толықтыр.</p> <p>а) Біздің қалада өткен жылы 38 үйге, ал биыл одан 12-сі артық үйге жөндеу жұмыстары жүргізілді.</p> <p>ә) Көктемде саябаққа 36 қайың көшеті отырғызылды, бұл терек көшеттеріне қарағанда 21-і кем.</p> <p>Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі.</p>	<p>Есеп екі амалмен орындалатындай, оны сұрақтармен толықтырады</p>
Рефлексия (2 минут)	<p>«Жетістік баспалдағы» әдісі бойынша өтеді.</p>	<p>Рефлексия жасайды</p>